

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

59 мыңнан астам қазақстандық тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін біржолғы зейнетақы төлемін алды

2021 жылдың 9 ақпанындағы жағдай бойынша БЖЗК-ға уәкілетті операторлардан («Отбасы Банкі» ТҚЖБ» АҚ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ) тұрғын үй жағдайларын жақсарту мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға **97 640** өтініш түсті.

Оның ішінде шамамен **43,2 млрд теңге** сомасына **8 294** өтініш жұмысқа қабылданды. Заң талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты **30 200 өтініш** қабылданбады.

Жалпы сомасы **322,7 млрд. теңгеге 59 146 өтініш** орындалды, аталған сома уәкілетті операторларға аударылып, өтініш берушілердің арнайы шоттарына есептелді. Төлемдердің орташа сомасы шамамен **5,5 млн теңге**.

Республика бойынша өтініштердің ең көп саны Алматы қаласында, Нұр-Сұлтан қаласында және Маңғыстау облысында тіркелді.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗК» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).